

ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІ ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Ләйла Мұсалы* - Еркінгүл Солтанаева**

Gazi Türkiyat, Bahar 2016/18: 254

Түркияның ГАЗИ университетінің әдебиет факультеті мен Қазақстандағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультеттері арасында тығыз ғылыми-педагогикалық байланыс орнаған. Серіктес университеттер ретінде оқытушылар іссапарға келіп, студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқиды. Қазақ-түрік әдеби байланыстары бойынша ғылыми мақалалар, еңбектер жазылуда. Мәселен, Гази университетінің профессоры Ф.Тамир қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдерін аударып зерттеді. Қазақстанның әдебиетші ғалымдары Ж.Дәдебаев, Ө.Әбдиманұлы, Т.Есембеков және Түркия ғалымдары М.Фати Киришшиоғлу, Нәджие Йылдыз, Ферхад Тамир, т.б. өзара тәжірибелерімен алмасып, шәкірттеріне әдебиетті үйрету жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ да, Гази университеті де өз елдеріндегі көшбасшы университеттер ретінде жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуге үлкен үлес қосып келеді. Екі университет арасында халықаралық келісімшартқа қол қойылған. Жалпы, ғылыми байланыстар екі елдің рухани қарым-қатынасын нығайта түседі, жаңа ізденістерге жол ашады. Біз болашақта туыстас елдер ретінде әдеби байланыстардың арта беретініне сенімдіміз

* Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының доценті

** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті тарихы және теориясы кафедрасының аға оқытушысы